 - 6) **сауда ұйымдастырушы** – қор биржасы және бағалы қағаздардың биржадан тыс нарығының баға белгілеуші ұйымы;
 - 7) **туынды қаржы құралы** – бағасы шарттың базалық активтерінің көлеміне (көлемнің ауытқуын қоса алғанда) байланысты, бұл шарт бойынша есеп айырысуды келешекте қарастыратын шарт. Туынды қаржы құралдарына опциондар, фьючерстер, форвардтар, айырбастар және осы белгілерге сәйкес келетін, сонымен қатар жоғарыда аталған туынды қаржы құралдарының құрамдастығынан тұратын басқа туынды қаржы құралдары;
 - 8) **КБҚ** – Комплаенс-бақылау қызметі, инсайдерлер тізімін жүргізуге және белсенді күйде ұстауға, инсайдерлер бойынша мәліметтер жинауды ұйымдастыру үшін жауапты;
 - 9) **Ұлттық Банк** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
 - 10) **KASE** – "Қазақстан қор биржасы" АҚ (ағыл. – Kazakhstan Stock Exchange).

2 бап. Инсайдерлік ақпаратты бақылаудың негізгі белгілері

1. Инсайдерлердің Банктегі инсайдерлік ақпарат бөлігінде белгіленген талаптарды орындауын бақылау келесі жолдармен жүзеге асырылады:
 - 1) инсайдерлерге оларды инсайдерлер тізіміне қосқандығы туралы хабарлау;
 - 2) Ережені Банктің корпоративті сайтында орналастыру арқылы және Банк қызметкерлері болып табылатын инсайдерлерге оқыту жүргізу арқылы инсайдерлерді Қазақстан Республикасы заңнамасының және Ереже талаптарымен таныстыру;
 - 3) инсайдерлер тізімін жүргізу және белсенді күйде ұстау;

- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте және мерзімде инсайдерлік ақпаратты ашу;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында инсайдерлік ақпаратты және Ережені қолдануға қатысты тыйым салынған әрекеттерді орындаған жағдайда инсайдерлерге қатысты шаралар қолдану;
 - 6) Ереженің 5 бабында көрсетілген тізімге қосылған тұлғалар тізімін Ұлттық Банкке оның талап етуі бойынша беру.
2. Банк қызметкерлеріне және лауазымды тұлғаларына клиенттер, инвесторлар және Банк серіктестері туралы инсайдерлік ақпаратты жариялауға, өз мақсатында пайдалануға, үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынған.
 3. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз ашу немесе қолдану дерегі белгілі болған және күдік туындаған Банк қызметкерлері бұл дерек туралы ақпаратты тез арада compliance@fortebank.com электронды мекенжайына жолдауы тиіс.

3 бап.

Банктің инсайдерлік ақпаратының тізімі

1. Банктің инсайдерлік ақпаратына келесілер жатады:
 - 1) Банктің бағалы қағаздары және олармен жасалған мәмілелер туралы ақпарат;
 - 2) Банктің бағалы қағаздарын шығарған (берген) және коммерциялық құпияны құрайтын қызметті жүзеге асыратын эмитент ретінде Банк туралы ақпарат;
 - 3) үшінші тұлғаларға белгісіз, оларды жариялау Банктің бағалы қағаздарының құнының өзгеруіне және Банк қызметіне әсер етуі мүмкін басқа ақпарат.
2. Банктің корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпарат:
 - 1) Акционерлердің жалпы жиналысында және Директорлар кеңесінде сұрақтар тізімі бойынша қабылданған шешімдер, олар туралы ақпарат Банктің ішкі құжаттарына сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарларына жеткізілуі тиіс;
 - 2) Банктің бағалы қағаздар шығаруы және Банктің бағалы қағаздарын орналастыру қорытындысы туралы есептерді, Банктің бағалы қағаздарын өтеу қорытындысы туралы есептерді Ұлттық Банктің бекітуі, Банктің бағалы қағаздарын Ұлттық Банктің жоюы;
 - 3) Банктің ірі мәмілелер және келесі талаптарға жауап беретін мәмілелер жасауы: оны жасауға Банк мүдделі және бағасы Банктің уәкілетті органы бұндай мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау күні қоғамның активтерінің жалпы теңгерімдік құнының мөлшерінің 10 (он) және одан артық пайызын құрайтын мүлікті сатып алу немесе меншігінен айырумен байланысты мәмілелер болып табылады. Нәтижесінде Банк активтерінің мөлшерінің 10 (он) және одан артық пайызын құрайтын сомаға мүлік сатып алынатын немесе меншігінен айырылатын мәміле туралы ақпарат, мәміле тараптары, сатып алынған немесе меншігінен айырылатын активтер, мәміле мерзімі мен талаптары, тартылған тұлғалардың сипаттамасы және қатысу үлесінің көлемі туралы мәліметтер болуы тиіс, сонымен қатар мәмілелер туралы басқа ақпараттар болған жағдайда;
 - 4) Банк активтерінің 5 (бес) және одан артық құрайтын сомаға Банк мүлкін кепілге беру (қайта кепілдеу);
 - 5) Банктің жеке капиталының 5 (бес) және одан артық пайызын құрайтын мөлшерде Банктің қарыз алуы;
 - 6) Банктің қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға, Банктің қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға бұрын алған рұқсатын тоқтатуға немесе жоюға рұқсат алуы;
 - 7) Банктің заңды тұлғаны құруға қатысуы;
 - 8) Банк мүлкіне тыйым салу;

- 9) нәтижесінде, теңгерімдік құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің 10 (он) және одан артық пайызын құрайтын Банк мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың орын алуы;
 - 10) Банкті және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
 - 11) корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау;
 - 12) Банкті еріксіз қайта құру туралы шешім
 - 13) Банк Жарғысына, Банктің бағалы қағаздарын шығару проспектісіне, сонымен қатар KASE листингілік ережелерге сәйкес Банк акционерлерінің және инвесторлардың мүддесін қозғайтын басқа оқиғалар.
3. Банк қызметіндегі, бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүддесін қозғайтын, өзгерістер туралы инсайдерлік ақпарат:
- 1) Банк органдарының құрамының өзгеруі;
 - 2) Банктің дауыс беруші акцияларының 10 (он) және одан артық пайызына ие акционерлер құрамының өзгеруі;
 - 3) Банкті, оның еншілес ұйымдарын және тәуелді акционерлік қоғамдарын қайта құру немесе тарату;
 - 4) Банк мүлкіне тыйым салу;
 - 5) Банк активтерінің 10 (он) және одан артық пайызын құрайтын сомаға Банк мүлкін кепілге беру (қайта кепілге беру);
 - 6) Банк лицензиясын алу, тоқтату немесе айыру;
 - 7) Банк акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысында қабылданған шешімдер және олар туралы ақпарат Банктің ішкі құжаттарына сәйкес акционерлердің және инвесторлардың назарларына жеткізілуі тиіс сұрақтар тізімі бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер;
 - 8) Банк бұндай ұйымның акцияларының (үлесінің, пайының) 10 (он) және одан артық пайызына ие ұйымдар тізімінің өзгеруі;
 - 9) эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіндегі өзгерістер;
 - 10) Банктің мемлекеттік емес облигацияларды шығару проспектісінде қарастырылған талаптарды сақтамауы, Банк жасаған дефолт дерегі туралы ақпарат.
4. Инсайдерлік ақпаратқа келесілер жатпайды:
- 1) көпшілікке қолжетімді мәліметтер негізінде дайындалған ақпарат, зерттеулерді, болжауларды және инвестициялық шешімдер қабылдау және/немесе бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операция орындау туралы мінездеме немесе ұсыныс дайындау мақсатында жасалған бағалы қағаздың (туынды қаржы құралының) құнына, Банктің мүлктік жағдайына қатысты бағалауды қоса алғанда;
 - 2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;
 - 3) шығу көзі белгілі, көпшілікке таралатын, расталмаған ақпарат, сонымен қатар Бантің ағымдағы немесе жоспардағы қызметіне қатысты болдамдар.

4 бап. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі және мерзімі

1. Банк инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Ережеде белгіленген тәртіпте және талаптарда, соның ішінде оны Банктің корпоративтік сайтында мемлекеттік және орыс тілінде орналастыру арқылы, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында, сауданы ұйымдастырушылардың ережелерінде белгіленген жағдайларда ашады. Ереже Банктің корпоративтік сайтында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілінде орналастырылатын жария құжат болып табылады
2. Банк инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында, сауданы ұйымдастырушылардың ережелерінде және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте және талаптарда ашады.
3. Егер әр түрлі сауданы ұйымдастырушылардың талаптарында инсайдерлік ақпарат жазылған хабарламаларды берудің әр түрлі мерзімі белгіленген болса, Банктің бұндай хабарламаларды сауданы ұйымдастырушыға бір мезгілде жолауы мақсатында, негізге хабарламаны берудің ең қысқа мерзімі алынады. Кез келген жағдайда сауданы ұйымдастырушыға хабарлау Банктің тиісті баспасөз хабарламаларын Банктің корпоративтік сайтында жариялауынан бұрын орындалуы керек.

5 бап. Банк инсайдерлерін анықтау

Банк инсайдерлері болып танылатындар:

- 1) Банк Директорлар кеңесінің Төрағасы және мүшелері;
- 2) Банк Басқармасының Төрағасы және мүшелері;
- 3) Банк Басқармасының құрамына кірмейтін басқарушы және атқарушы директорлар, бас бухгалтер және Банктің Басқарма Төрағасының кеңесшісі;
- 4) Кеңсе бағытының қызметкерлері;
- 5) Банк филиалдарының директорлары, Ішкі аудит қызметінің жетекшісі және қызметкерлері, Корпоративтік хатшы және Корпоративтік хатшы қызметінің қызметкерлері, бас комплаенс-бақылаушы, КБҚ жетекшісі және қызметкерлері;
- 6) Банктің құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері және қызметкерлері, келесілер үшін жауапты жеке қызметкерлер:

Банк қызметіне құқықтық ілеспе қызмет көрсету (Заң қызметі бағыты);

инвесторларға хабарлау (Халықаралық қатынастар бағыты, Қазынашылық бағыты, Маркетинг бағыты);

Қазынашылық операциялар (Қазынашылық бағыты, Төлем жүйелері бағыты);

- 7) жүзеге асыратын функционалдық міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар Банктің, соның ішінде Банк филиалдарының басқа қызметкерлері;
- 8) Банктің дауыс беруші акцияларын тікелей немесе жанама ұстаушы болып табылатын және/немесе 10 (он) және одан артық пайызына тікелей немесе жанама иелік етуші тұлғалар;
- 9) Банктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйым;
- 10) бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және олардың талаптарында Банктің инсайдерлік ақпаратын ашу қарастырылған, бекітілген (соның ішінде ауызша) шарттарға сәйкес Банкке қызмет көрсететін басқа тұлғалар;
- 11) тізіміне Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) кірген сауданы ұйымдастырушы;
- 12) сауда жүйесінде бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында Банктің бағалы қағаздарымен және басқа қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді тану сұрағын қарастыру мақсатында жасалған Банктің бағалы

қағаздарымен мәміле жасалатын, сауданы ұйымдастырушының Директорлар кеңесінің, сауданы ұйымдастырушының листингтік комиссиясының және сараптау комитетінің мүшелері;

- 13) оларға берілген қызметтер мен өкілеттікке байланысты инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар Ұлттық Банк және оның мекемелерінің қызметкерлері, мемлекеттік қызметкерлер;
- 14) Банк және осы баптың 8), 9), 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар олардың мүшелері болып табылатын, оларға берілген өкілеттікке байланысты инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар қоғамдық бірлестіктер және кәсіби ұйымдар;
- 15) осы баптың 8), 9), 10, 11), 14) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың өзінің қызмет бабына және қызметтік міндетіне байланысты инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар қызметкерлері;
- 16) осы баптың 1) – 15) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпарат алған тұлғалар.

6 бап.

Инсайдерлер тізімін жүргізу және белсенді күйде ұстау тәртібі

1. КБҚ инсайдерлер тізімін жүргізуді және оны белсенді етуді Банк қызметкерлері, құрылымдық бөлімшелері, инсайдерлері ұсынған ақпарат негізінде жүзеге асырады. Осы мақсатта КБҚ тоқсан сайын электронды таратылым арқылы Банктің құрылымдық бөлімшелерінен тиісті мәліметтерді сұратады.
2. Банк инсайдерлер тізіміне (осы Ереженің 5 қосымшасы) 5 бапта көрсетілген тұлғаларды қосады. Инсайдерлер тізімін КБҚ тоқсан сайын келесі мәліметтер негізінде құрастырады:
 - 1) Ереженің 5 бабының 2) – 6) тармақшалары бойынша – Human Resources бағытынан алынған ақпарат негізінде;
 - 2) Ереженің 5 бабының 1) тармақшы бойынша – Корпоративтік хатшыдан алынған ақпарат негізінде;
 - 3) Ереженің 5 бабының 10), 12) тармақшалары бойынша – Қазынашылық бағытынан алынған мәліметтер негізінде;
 - 4) Ереженің 5 бабының 8), 10), 11), 12) тармақшалары бойынша – Халықарлық қатынастар бағытынан алынған мәліметтер негізінде (Қазақстан Республикасынан тыс жерде сауда ұйымдастырушының листингіне қосу);
 - 5) Ереженің 5 бабының 6), 7) тармақшалары бойынша – аталған құрылымдық бөлімшелердің жетекшілерінен Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар қызметкерлер бойынша алынған мәліметтер негізінде;
 - 6) Ереженің 5 бабының 13) тармақшасы бойынша – Ұлттық Банкпен қарым-қатынастағы құрылымдық бөлімшелердің жетекшілерінен алынған мәліметтер негізінде;
 - 7) Ереженің 5 бабының 9), 10), 14), 15) тармақшалары бойынша – тиісті шарттарды бекіткен/оларға жүктелген міндеттемелерге байланысты осы тармақшаларда көрсетілген тұлғалармен қарым-қатынастағы құрылымдық бөлімшелердің жетекшілерінен алынған мәліметтер негізінде. Бұл тұлғалар Банкке қызметтік бабына және міндеттемелеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар қызметкерлері бойынша ақпаратты береді.
3. Ереженің 5 бабының 9) – 16) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар бойынша ақпаратты Банк инсайдерлері 7 бапта көрсетілген мерзімде, соның ішінде олар туралы ақпаратты КБҚ-ге беру үшін жауапты тұлғалардан хабарлама (Ереженің 2 қосымшасы) алған соң ұсынады.
4. Ереженің 5 бабында көрсетілген, инсайдерлер тізіміне қосуға немесе инсайдерлер тізімінен шығаруға жаттын тұлғалар бойынша ақпарат КБҚ-ге compliance@fortebank.com электронды мекенжайына ақпаратты жолдау арқылы беріледі және келесі мәліметтерден тұруы керек:

- 1) тегі, аты, болған жағдайда әкесінің аты (жеке тұлғалар үшін), инсайдердің атауы (заңды тұлғалар үшін);
 - 2) түрі (жеке және заңды тұлға);
 - 3) туылған күні (жеке тұлғалар үшін);
 - 4) орналасқан жері (заңды тұлғалар үшін);
 - 5) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгендігін (қайта тіркелгендігін) растайтын құжаттың деректемелері (заңды тұлғалар үшін);
 - 6) инсайдерлер тізіміне қосу негіздемесі;
 - 7) инсайдерлер тізіміне қосу негіздемесі туындаған күні;
 - 8) инсайдерлер тізімінен шағарылған күні;
 - 9) ақпаратты (бар болған жағдайда) ұсыну күні инсайдердің Банктің бағалы қағаздарына ие болуы туралы мәлімет.
5. Ереженің 6 бабының 2 тармағында көрсетілген құрылымдық бөлімшелердің және филиалдардың жетекшілері Ереженің 5 бабының 1) – 16) тармақшаларына сәйкес берілетін ақпараттардың толықтығы мен дұрыстығы үшін, сонымен қатар оны ұсыну мерзімін сақтау және оны белсенді күйде ұстау (соның ішінде инсайдерлердің деректемелерінің белсенділігі) үшін жеке жауапкершілік көтереді.
 6. КБҚ қызметкері алынған ақпарат негізінде есептік тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бесіне) дейін есептік тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдайы бойынша инсайдерлер тізімін құрастырады және Бас комплаенс-бақылаушымен және/немесе КБҚ жетекшісімен келіскен соң Банктің Басқарма Төрағасына қол қойғызады.
 7. КБҚ есептік тоқсаннан кейінгі айдың 20 (жиырмасына) дейін Халықаралық қатынастар бағытына есептік тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдайы бойынша құрастырылған инсайдерлер тізімін жолдайды.
 8. Халықаралық қатынастар бағыты есептік тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесіне) дейін сауданы ұйымдастырушыға Ұлттық Банктің бағалы қағаздар нарығында инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық актісінде белгіленген көлемде Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлғалар туралы ақпаратты көрсете отырып, КБҚ-ға ұсынылған инсайдерлер тізімін жолдайды. Инсайдерлер тізімін КБҚ Ұлттық Банкке оның талап етуі бойынша талапта қарастырылған мерзімде, Ереженің осы бабының 4 тармағында көрсетілген ақпаратты көрсете отырып ұсынады.

7 бап.

Тұлғаларға оларды инсайдерлер тізіміне қосқандығы/ инсайдерлер тізімінен шығарғандығы туралы хабарлау тәртібі мен мерзімі

1. Банк Ереженің 5 бабының 1) – 16) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға инсайдерлер тізіміне қосқандығы (инсайдерлер тізімінен шығарғандығы) туралы жазбаша түрде (осы Ереженің 1-4 қосымшаларында көрсетілген хабарлама нысаны бойынша) келесі тәртіпте хабарлайды:
 - 1) Корпоративтік хатшы – Ереженің 5 бабының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға;
 - 2) Human Resources бағыты – Ереженің 5 бабының 2) – 6) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға (инсайдерлер тізіміне қосылған құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері және Банк филиалдарының директорлары және Ереженің 5 бабының 4), 5) тармақшаларында көрсетілген қызметкерлер);
 - 3) құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері және Банк филиалдарының директорлары – Ереженің 5 бабының 6), 7) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға (инсайдерлер тізіміне қосылған құрылымдық бөлімшелердің және Банк филиалдарының қызметкерлері) және Ереженің 5 бабының 9), 10), 14), 15) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға;

- 4) Халықаралық қатынастар бағыты – Ереженің 5 бабының 8), 10), 11), 12) тармақшаларында көрсетілген, инсайдерлер тізіміне қосылған, тұлғаларға;
 - 5) Қазынашылық бағыты – Ереженің 5 бабының 10, 12) тармақшаларында көрсетілген, инсайдерлер тізіміне қосылған, тұлғаларға;
 - 6) инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға берген Банк инсайдерлері – Ереженің 5 бабының 15) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға.
2. Жауапты тұлғалар, құрылымдық бөлімшелер және филиалдар хабарламаны қағаз түрінде тұлғалар инсайдерлер тізіміне қосылған (инсайдерлер тізімінен шығарылған) күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жолдайды. Инсайдерлер тізіміне қосылған немесе одан шығарылған Банк қызметкерлеріне Ереженің 1 және 3 қосымшасына сәйкес үлгідегі хабарлама олардың электрондық пошталарына немесе факспен, жіберілген күні және алушы міндетті түрде жазылып, жолдануы мүмкін.
3. Хабарламаның көшірмесі ақпаратты compliance@fortebank.com электронды мекенжайына жолдау арқылы тезарада КБҚ-ға жолданады.

8 бап.

Банк инсайдерлері болып табылатын ұйымдардың Банкке ақпарат беру тәртібі және мерзімі

1. Ереженің 5 бабының 8) – 11), 14), 16) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар мыналарға міндетті:
 - 1) қызметтік бабына және функционалдық міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар қызметкерлерінің (соның ішінде лауазымды тұлғаларының) тізімін жүргізуге;
 - 2) өз қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы заңнамасының инсайдерлік ақпаратты және Ережені қолдануға тыйым салынғандығына қатысты талаптары туралы хабарлау;
 - 3) қызметтік бабына және функционалдық міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар қызметкерлері туралы Ережеде белгіленген тәртіпте Банкке хабарлау;
 - 4) бұндай қызметкерлермен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, оларға рұқсаты бар Банктің инсайдерлік ақпаратына қатысты құпияны сақтау туралы келісім бекіту.
2. Ереженің 5 бабының 8) – 11), 14), 16) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар мыналар туралы Банкке жазбаша хабарлайды:
 - 1) Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсат алған қызметкерлері (соның ішінде лауазымды тұлғалары) туралы, қызметкерлерге (соның ішінде лауазымды тұлғаларға) Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсат берген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей;
 - 2) қызметкерлердің (соның ішінде лауазымды тұлғалардың) Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсатының жойылғандығы (өкілеттігінің тоқтатылғандығы) туралы, соның ішінде қызметкер жұмыстан босатылған/өкілеттігі тоқтатылған жағдайда, бұндай қызметкерлердің Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты тоқтатылған (жойылған) күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей.
3. Ереженің 5 бабының 8) – 11), 14), 16) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар Банкке қағаз түрінде тиісті өкілеттігі бар тұлғаның қолы қойылған хабарламамен хабарлайды.
4. Ереженің 5 бабының 8) – 11), 14), 16) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар Қазақстан Республикасы заңнамасының Банктің инсайдерлік ақпаратын және Ережені қолдануға қолдануға тыйым салуға қатысты талаптарының сақталуы, соның ішінде Банкке және өзінің қызметкерлеріне (лауазымды тұлғаларды қоса алғанда) Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсат берілгендігі және/немесе рұқсаты тоқтатылғандығы (жойылғандығы) туралы уақытында хабарлануы үшін жауапкершілік көтереді.

9 бап.

Инсайдерлер тізіміне/Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсат беру және қолдану ережесі

1. Инсайдерлер тізімі Ұлттық Банкке және/немесе сауданы ұйымдастырушыларға олардың жазбаша сұранымы бойынша, Банктің мұндай міндеті болған жағдайда немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес беріледі.
2. Инсайдерлер тізімі құпия болып табылады және КБҚ-де сақталуы тиіс. Инсайдерлер тізіміне Банк ішінде Директорлар кеңесінің Төрағасының және мүшелерінің, Басқарма Төрағасының және мүшелерінің, сонымен қатар Корпоративтік хатшының, Бас комплаенс-бақылаушының, Ішкі аудит қызметінің, КБҚ, Төлем жүйелері бағытының, Халықаралық қатынастар бағытының, Заң қызметі бағытының және Қазынашылық бағытының қызметкерлерінің рұқсаты бар. Басқа қызметкерлер инсайдерлер тізіміне рұқсатты Бас комплаенс-бақылаушының немесе КБҚ жетекшісінің келісімі бойынша ғана ала алады.
3. Банк инсайдерлеріне кез келген уақытта тыйым салынады:
 - 1) бағалы қағаздар нарығындағы оқиғаға әсер ету, бағалы қағаздар нарығындағы субъектілердің тәртібін өзгерту, сонымен қатар нарыққа қатысушылардың Банк немесе Банктің бағалы қағаздарының келешектегі бағасы туралы пікірлеріне әсер ету мақсатында дерексіз мәліметтерді таратуға;
 - 2) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында Банктің бағалы қағаздарымен мәміле жасауға;
 - 3) өз мүддесі немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін Банктің инсайдерлік ақпаратын қолдана отырып, Банктің бағалы қағаздарымен мәміле жасауға;
 - 4) Қазақстан Республикасы заңнамасында және/немесе Ережеде қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Банктің инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;
 - 5) үшінші тұлғаларға Банктің инсайдерлік ақпаратына негізделген Банктің бағалы қағаздарымен мәміле жасау туралы ұсыныс беруге;
 - 6) Директорлар кеңесінің алдын ала келісімі бойынша жасалатын және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін мәмілелерді қоспағанда, инсайдерлік ақпарат жария болғанға дейін Банктің бағалы қағаздарымен мәміле жасауға.
4. Банктің инсайдерлері Банктің инсайдерлік ақпаратынан тұратын құжаттарға өкілеттігі жоқ тұлғалардың қол жеткізбеуін тиісті түрде қадағалауды қамтамасыз етуге, сонымен қатар бұндай ақпараттың оған құқығы жоқ тұлғалар - Банк қызметкерлері және/немесе инсайдерлер болып табылатын ұйымдар (хатшылар, жүргізушілер және т.б.), Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты жоқ басқа үшінші тұлғалар естуі мүмкін кез келген жерде талқылануына жол бермеуге міндетті.
5. Филиалдардың директорлары және Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар Банктің құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері өзінің қызметтік міндеттерін орындау үшін бұл ақпарат талап етілмейтін Банк қызметкерлеріне бұндай ақпараттарға рұқсатты шектеу үшін қажетті шаралардың қолданылуын қамтамасыз етуге міндетті.
6. Банктің инсайдерлері Ереже талаптарын бұзғандығы туралы ақпаратты алған жағдайда, соның ішінде KASE-тен немесе бөгде тұлғалардан хат келген жағдайда, Банк келесі шешімдердің бірін немесе бірнешеуін (бірақ бұлармен шектелмей) қабылдауға құқылы:
 - 1) инсайдерлік ақпараттың таралу көзін, сонымен қатар кінәлі тұлғаларды анықтау мақсатында тексеріс ұйымдастыруға;
 - 2) Ережені бұзуға жол бермеуін талап етуге;
 - 3) ақпаратты сауданы ұйымдастырушыға, мемлекеттік және сот органдарына, соның ішінде олардың мәмілелерді жарамсыз немесе бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында бекітілген деп тану мақсатында жолдау;

- 4) Ереженің сақталуын қадағалауды күшейту, соның ішінде түзету шараларын бекіту туралы;
 - 5) Ереженің сақталуын қадағалауды күшейту туралы;
 - 6) қызметкерлерге Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіптік және/немесе материалдық жаза шараларын қолдану туралы;
 - 7) материалдық зардапты және/немесе Банк инсайдерінің әрекеттерімен/әрекетсіздіктерімен Банктің іскерлік беделіне келтірілген залалды өтеу туралы;
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес кінәлі тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін (қылмыс белгілері болған жағдайда) іс материалдарын құқық қорғау органдарына жолдау туралы;
 - 9) орын алған жағдай туралы баспасөз хабарламасын шығару;
 - 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа шаралар.
7. КБҚ жеке бастамасы бойынша кез келген уақытта Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарының тиісті түрде орындалуын тексеруге, инсайдерлер ұсынған ақпараттардың және мәліметтердің дұрыстығын тексеруге, қажет болған жағдайда растама құжаттарын сұратуға, сонымен қатар ақпаратты Банк Басқармасына және/немесе Директорлар кеңесіне жеткізуге құқылы.
8. Банк қызметкерлері оларға белгілі болған кез келген деректерді тез арада тікелей басшысының, сонымен қатар КБҚ назарына жеткізуге міндетті:
- 1) олардың функционалдық міндеттеріне байланысты оларға ашылуы тиіс емес, алайда оларға белгілі болған, соның ішінде инсайдерлерден немесе басқа тұлғалардан, Банктің, Банк клиенттерінің және серіктестерінің инсайдерлік ақпараты туралы
 - 2) Банк қызметкерлерінің, инсайдерлердің және олардың жақын туыстарының Банктің, Банк клиенттерінің және серіктестерінің инсайдерлік ақпаратын заңсыз пайдалануы, соның ішінде өз мүддесі үшін пайдалануы туралы;
 - 3) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асыру әрекеттері туралы.
9. Қызметкерлердің Банктің инсайдерлік ақпаратына, Банк клиенттерінің және серіктестерінің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты Банктің құрылымдық бөлімшелері/Банк филиалдары туралы ережелерде, Банк/Банк филиалдарының қызметкерлерінің нұсқаулығында және Банктің басқа ішкі құжаттарында бекітілген, олар атқаратын қызметтер шегінде ғана жүзеге асырылады.

10 бап.

Қорытынды ережелер

1. Ереженің 9 бабында көрсетілген шектеулерді сақтамаған, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланған және жариялаған жағдайда, бұндай бұзушылықтарды жасаған тұлғалар азаматтық-құқықтық, әкімшілік және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа жауапкершілікке тартылады.
2. Банк қызметкерлері болып табылатын инсайдерлер Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.
3. Банк инсайдерлері Ережемен таныса отырып, келесілермен келіседі:
 - 1) Ережені бұзғаны үшін және бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында, соның ішінде Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалана отырып, мәміле жасағаны үшін инсайдерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе оның аумағында Банктің бағалы қағаздарымен мәміле жасалған елдің заңнамасында қарастырылған жеке жауапкершілікті көтереді;

- 2) Банк Ұлттық Банкке және/немесе сауданы ұйымдастырушының арнайы бөлімдеріне бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын инсайдерлер немесе олармен жасалған мәмілелер туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында, сауданы ұйымдастырушының ішкі құжаттарында, Ережеде белгіленген тәртіпте беруге құқылы;
- 3) Банктің талап етуі бойынша қаржы ұйымдарынан инсайдер клиенті, делдал немесе басқа тұлғаның атынан сенімхат арқылы әрекет ететін тұлға болып табылатын ұйым арқылы орындалатын мәмілелер/операциялар туралы ақпараттарды (соның ішінде құпия ақпарат, банктік немесе заңмен қорғалатын басқа құпия болып табылатын) алуға Банкке келісімін береді.
4. Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес шешіледі.
5. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Банктің ішкі құжаттарын дайындау, бекіту, өзгерту және/немесе толықтыру және әрекет етуін тоқтату туралы ережеде қарастырылған тәртіпте жүзеге асырылады.

Қосымшалар тізімі

1 қосымша – "ForteBank" АҚ инсайдері мәртебесін алғандығы туралы жеке тұлғаға хабарлама;

2 қосымша – "ForteBank" АҚ инсайдері мәртебесін алғандығы туралы заңды тұлғаға хабарлама;

3 қосымша – "ForteBank" АҚ инсайдері мәртебесін жоғалтқандығы туралы жеке тұлғаға хабарлама;

4 қосымша – "ForteBank" АҚ инсайдері мәртебесін жоғалтқандығы туралы заңды тұлғаға хабарлама;

5 қосымша – "ForteBank" АҚ инсайдерлері тізімінің үлгісі.

Инсайдерлік ақпаратқа рұқсатты және оны пайдалануды ішкі бақылау ережесіне

1 қосымша

"ForteBank" АҚ инсайдері мәртебесін алғандығы туралы жеке тұлғаға хабарлама

Осы арқылы "ForteBank" АҚ _____ (жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты) келесі туралы хабарлайды: 20__ жылғы "___" _____ бастап Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының 56-1 бабының 3 тармағына сәйкес Сіз Банктің инсайдері болып таныласыз.

Осыған байланысты Сіз Қазақстан Республикасы заңнамасының Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалану/жариялауға қатысты талаптарын, Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының талаптарын қоса алғанда, сонымен қатар Банктің (www.forte.bank) корпоративтік сайтында орналастырылған Инсайдерлік ақпаратқа рұқсатты және оны пайдалануды ішкі бақылау ережесін (бұдан әрі – Ереже) сақтауға, сонымен қатар келесілерге міндеттісіз:

1. оларды шығарушы Банк болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәміле жасау кезінде Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдаланбауға;
2. Банктің инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етпеуге;
3. үшінші тұлғаларға Банктің инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәміле жасау туралы ұсыныстарды бермеуге.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және/немесе Ережені бұзғаныңыз үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтересіз.

Құрметпен,

Орындаушы:

Тегі, аты және әкесінің аты

Тел:

Инсайдерлік ақпаратқа рұқсатты және оны пайдалануды ішкі бақылау ережесіне

2 қосымша

"ForteBank" АҚ инсайдері мәртебесін алғандығы туралы заңды тұлғаға хабарлама

Осы арқылы "ForteBank" АҚ (бұдан әрі – Банк) _____ (заңды тұлғаның атауы) (бұдан әрі – Ұйым) 20__ жылғы "___" _____ бастап Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының 56-1 бабының 3 тармағына сәйкес Банктің инсайдері мәртебесін алғандығы туралы хабарлайды.

Осыған байланысты Ұйым Қазақстан Республикасы заңнамасының Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалану/жариялауға қатысты талаптарын, Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының талаптарын қоса алғанда, сонымен қатар Банктің (www.forte.bank) корпоративтік сайтында орналастырылған Инсайдерлік ақпаратқа рұқсатты және оны пайдалануды ішкі бақылау ережесін (бұдан әрі – Ереже) сақтауға, сонымен қатар келесілерге міндетті:

- 1) оларды шығарушы Банк болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәміле жасау кезінде Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдаланбауға;
- 2) Банктің инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етпеуге;
- 3) үшінші тұлғаларға Банктің инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәміле жасау туралы ұсыныстарды бермеуге;
- 4) қызметтік бабына және лауазымдық міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;
- 5) өз қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы заңнамасының, соның ішінде Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының талаптары және Ереженің Банктің инсайдерлік ақпаратын қолдануға тыйым салынғандығына қатысты талаптары туралы хабарлау;
- 6) қызметтік бабына және лауазымдық міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар қызметкерлері туралы Ережеде белгіленген тәртіпте және мерзімде Банкке хабарлау;
- 7) олардың мүшесі Ұйым болып табылатын қоғамдық бірлестіктерге және кәсіби ұйымдарға Қазақстан Республикасы заңнамасының, соның ішінде Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының Банктің инсайдерлік ақпаратын қолдануға тыйым салынғандығына қатысты талаптарын және Ереже талаптарын сақтау қажеттігі туралы хабарлауға (бұндай Ұйымдар Банктің инсайдерлік ақпаратын жариялаған жағдайда);
- 8) Ережеде белгіленген тәртіпте және мерзімде Банкке олардың мүшесі Ұйым болып табылатын қоғамдық бірлестіктер және кәсіби ұйымдар туралы хабарлауға (бұндай Ұйымдар Банктің инсайдерлік ақпаратын жариялаған жағдайда).

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және/немесе Ережені бұзғаныңыз үшін Ұйым (лауазымды тұлғаларын қоса алғанда) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

Құрметпен,

Орындаушы:

Тегі, аты және әкесінің аты

Тел:

Инсайдерлік ақпаратқа рұқсатты және оны пайдалануды ішкі бақылау ережесіне

3 қосымша

"ForteBank" АҚ инсайдері мәртебесін жоғалтқандығы туралы жеке тұлғаға хабарлама

Осы арқылы "ForteBank" АҚ _____ (жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты) келесі туралы хабарлайды: 20__ жылғы "___" _____ бастап Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының 56-1 бабының 3 тармағына сәйкес Сіз Банктің инсайдері мәртебесін жоғалтасыз.

Инсайдерлік ақпаратқа рұқсатты және оны пайдалануды ішкі бақылау ережесімен Банктің корпоративтік сайтында (www.forte.bank) таныса аласыз.

Құрметпен,

Орындаушы: Тегі, аты және әкесінің аты

Тел:

Инсайдерлік ақпаратқа рұқсатты және оны пайдалануды ішкі бақылау ережесіне

4 қосымша

"ForteBank" АҚ инсайдері мәртебесін жоғалтқандығы туралы заңды тұлғаға хабарлама

Осы арқылы "ForteBank" АҚ (бұдан әрі – Банк) _____ (заңды тұлғаның атауы) 20__ жылғы "____" _____ бастап Банктің инсайдері мәртебесін жоғалтатындығы туралы хабарлайды.

Инсайдерлік ақпаратқа рұқсатты және оны пайдалануды ішкі бақылау ережесімен Банктің корпоративтік сайтында (www.forte.bank) таныса аласыз.

Құрметпен,

Орындаушы:

Тегі, аты және әкесінің аты

Тел:

Инсайдерлік ақпаратқа рұқсатты және оны пайдалануды ішкі бақылау ережесіне

5 қосымша

ҮЛГІ

"ForteBank" АҚ инсайдерлерінің тізім

№	Тегі, аты, болған жағдайда әкесінің аты (жеке тұлғалар үшін) Атауы (заңды тұлғалар үшін)	Түрі (жеке немесе заңды тұлға)	Туылған күні (жеке тұлғалар үшін)	Орналасқан жері (заңды тұлғалар үшін)	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгендігін (қайта тіркелгендігін) растайтын құжаттың деректемелері (заңды тұлғалар үшін)	Инсайдерлер тізіміне қосу негізі	Инсайдерлер тізіміне қосу негізі туындаған күн	Инсайдерлер тізімінен шығару күні	Ақпаратты беру күні Банктің бағалы қағаздарына иелік ету дерегі туралы мәліметтер
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жеке тұлғалар									
Заңды тұлғалар									

FORTEBANK JOINT STOCK COMPANY

A p p r o v e d

by Resolution of the Board of Directors
of ForteBank Joint Stock Company

(Minutes of the Meeting No. ___ dated ___
_____ 2017)

Brought into force

from ___ _____ 2017

R U L E S

of Internal Control over the Access to Insider Information and Use thereof

Developed by: Compliance Control Service

Astana city

2017

These Rules of Internal Control over the Access to Insider Information and Use thereof (hereinafter referred to as the “Rules”) regulate the procedure of control over the disposal and use of the Bank’s insider information.

Article 1. General

1. The Rules have been developed in accordance with the legislation of the Republic of Kazakhstan and internal documents of the Bank, shall apply to employees and other insiders of the Bank, as well as regulate control over the access to insider information and use thereof.
2. The basic terms and symbols used in the Rules are as follows:
 - 1) **Bank** – ForteBank JSC;
 - 2) **an insider** is a person having access to the Bank’s insider information. The list of insiders is prepared in accordance with the Rules;
 - 3) **insider information** is reliable information on securities of the Bank (derivative financial instruments), transactions with them, as well as on the Bank that issued (provided) securities, and on activities performed thereby, which constitutes a commercial secret, as well as other information not known to third parties the disclosure whereof may affect the change in the value of the Bank securities and/or the activities of the Bank being the issuer thereof;
 - 4) **corporate website of the Bank** is an Internet resource owned by the Bank and used thereby to post official information on the activities of the Bank and having the following address in the Internet: www.forte.bank;
 - 5) **manipulation in the securities market** is actions of financial market entities aimed at establishing and/or maintenance of prices (rates) of securities and other financial instruments, including foreign currencies and derivative financial instruments, to be higher or lower than those established as a result of an objective supply-demand situation, creating of the appearance of trade in a security or other financial instrument, committing of a transaction with the use of insider information;
 - 6) **Trading Organizer** is a stock exchange and a quotation organization of the over-the-counter market;
 - 7) **derivative financial instrument** is a contract the value whereof depends on the value (including fluctuation) of the underlying asset of the contract, which provides for the calculation of this contract in the future. Derivative financial instruments include options, futures, forwards, swaps and other derivative financial instruments that meet these characteristics, including a combination of the aforementioned derivative financial instruments;
 - 8) **CCS** is Compliance Control Service responsible for maintaining and keeping the insider list up to date, and organizing collection of data on insiders;
 - 9) **National Bank** – National Bank of the Republic of Kazakhstan;
 - 10) **KASE** – Kazakhstan Stock Exchange JSC.

Article 2. Basic Principles of Insider Information Control

1. Control over the disposal and compliance by insiders with the requirements set with regard to insider information in the Bank is effected by:
 - 1) notification of insiders on adding them to the list of insiders;
 - 2) familiarizing the insiders with Republic of Kazakhstan legal requirements and the Rules, by posting the Rules on the corporate website of the Bank and training the insiders represented by employees of the Bank;
 - 3) maintaining and keeping the list of insiders up to date;
 - 4) disclosure of insider information in the manner and within the time as set by Republic of Kazakhstan legislation and internal documents of the Bank;

